

АБАЙДЫҢ ПОРТРЕТ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ

*Гүлжан Байданова,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
бірінші курс магистранты*

Абайдың кейбір шығармаларын бірнеше аудармашы бірдей аударған. Соған байланысты Абайдың кейбір шығармаларының орыс тіліндегі аудармаларының бір емес бірнеше нұсқасы бар. Соларға қарап отырсақ, аудармашылар Абайдың бір өлеңін аударудың өзінде өзара сайысқа немесе жарысқа түскен бәсекелес сияқты болып көрінеді. Бәсекелестік дегенде, аудармашылардың Абайдың бір өлеңін жарыса аударуын негізге алып отырмыз. Бірнеше аудармашы бір автордың бір шығармасын жарыса отырып аударуы олардың шеберлігін шыңдаудың бірден бір тиімді жолы болып табылады.

С.Я. Маршак: «Өлең аудару - өте биік, әрі қиын өнер», - деген. Ал, И. А. Бунин болса: «Сөзді емес, күш пен рухты аудару керек», - дейді. Екеуінің де сөзі дұрыс. Өлең жазудың, өлең шығарудың өзі өз алдына өте биік әрі қиын өнер екені анық. Осы жерде Абайдың: «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», - деген сөзі ойға оралады. Солай дей тұрғанмен, «Іші алтын, сырты күміс сөз сарасын қиыннан қиыстыру ер данасының ғана қолынан келетіні» рас. Осы тұрғыдан келгенде, өлең жазу өнері қандай биік, қандай қиын болса, оны аудару одан да қиын дүние.

И.А. Буниннің сөзінде де үлкен мән бар. Бірақ осы мәнді екінің бірі дұрыс түсінбейді. Ал оны түсінетін аудармашылар өз тәжірибесінде түпнұсқаның күші мен рухын аудармада жеткізуге келгенде қиындыққа тап болады. Ол қиындықты бір аудармашы жеңеді, бір аудармашы жеңе алмайды. Жеңген жағдайда, аударма сәтті шығады. Жеңе алмаған жағдайда, аудармашы сөзді аударумен ғана шектеледі.

Абайдың өлеңдерін аударушылар күш пен рухты аударды немесе сөзді аударды деп үзілді - кесілді айтуға болмайды. Аудармашылар аударылатын өлеңнің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін, тұлғалану деңгейлерін есепке ала отырып аудару қажет. Бұлай дегенде, аудармашы өлеңнің күші мен рухын аудармауы керек дегенді айтып отырған жоқпыз, өлеңнің күші мен рухын аударудың өзінде оның құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін, тұлғалану деңгейлерін ескеруі керектігін айтып отырмыз. Басқаша айтсақ, Абайдың өлеңдерінің сөзінде күші мен рухын да, құрылымдық жүйесін де лайықты деңгейде аудару қажет деп есептейміз. Өкінішке қарай аудармашылар Абай өлеңдерін аударғанда мұндай биік талап деңгейлеріне жете алмай жатады. Оның бір мысалын ақынның «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің орыс тіліндегі аудармаларынан байқауға болады. Бүгінде бұл өлең орыс тілінде бірнеше

аудармасы бар. Оларды аударғандар: М. А. Тарловский, В.А. Рождественский, М. Адибаев.

Бұл аудармалардың әрқайсысының өзіне тән жетістіктері мен кемшіліктері бар. Абай өлеңінің бірінші жолы былай басталады:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы.

Өлеңнің бірінші жолында маңдай туралы айтылады. Бұл жолға қарасақ, маңдайдың кең, жарқыраған күмістей екенін және ақтығын байқауға болады. Енді осы жерден бұл маңдай кімге қатысты айтылып тұр деген сұрақ туындайды. Негізі *қақтаған* сөзі шебердің күмісті жұқартып, әдемі қалыпқа келтіруіне байланысты айтылады. Абай қақтаған, ақ күмістей, кең маңдайдың қыздың маңдайы екенін көрсетеді. Абай жырлаған қазақтың *қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы* қызының осы келбетін Марк Арлиевич Тарловский орыс тіліне былайша аударған:

Белый лоб – серебро, чей тонок чекан.

Осы жолды біз былайша кері аудардық:

Ақ маңдай - күміс, бедері нәзік.

Чеканить – соғу, басу; Чеканка – бедер салу, нақыш келтіру. Тиісті сөздіктерде осылай көрсетіледі [1]. Б. Қалиевтің 1996 жылы Алматыда басылған сөздігінде «чеканка» сөзі «шекіме» деп көрсетіледі [2].

Тарловский өз аудармасында түпнұсқадағы *кең маңдайды* жоққа шығарды. Қазақ қызының маңдайының әдемілігін, кеңдігін жіңішке етіп көрсетті. Бұл аударма түпнұсқаға мүлде қарама-қайшы. Мен бұл жолдың аудармасына мүлдем келіспеймін. Өйткені, өлеңнің түпнұсқасы мен аудармасын салыстыра оқыған оқушы аударманың сәтсіз шыққанын бірден байқайды. Егер орыс тілді оқырман болса, қазақ қызының ақ күмістей, кең маңдайы туралы біле алмайды.

Ал қазақ аудармашысы М. Адибаев бұл жолды былай аударыпты:

Высокий лоб – живое серебро.

Адибаевтың бұл сөзін, біз кері аударар болсақ:

Жазық маңдай тірі күмістей, -

деген жол пайда болады. Бұл жерде *қақтаған, аппақ күмістей, кең маңдай* өз табиғатын жоғалтты. Өйткені түпнұсқадағы *қақтаған, ақ* сөздері беретін ұғымдар аудармада жоқ. Бұл аударманы оқыған орыс оқырманы қазақ

қызының кең, ақ күмістей маңдайы туралы мәлімет ала алмайды. Өлеңнің бірінші жолын В.А. Рождественский былай аударыпты:

*Словно месяц, изогнутый в небе ночном,
Отливает сверкающий лоб серебром.*

Аудармашы аудармада орын ауыстыру әдісін қолданған. Аудармашы бірінші жолын екінші қатарда, ал екінші жолын бірінші қатарда береді. Кері аударма жасасақ:

*Түнгі аспандағы иілген ай секілді,
Жарқылдап құйылған күміс маңдай,-*

деген жолдар шығады. Аудармашы түпнұсқадағы ақ сөзін *сверкающий* деп алса керек. Аудармада түпнұсқаның мағынасы ашылмаған. Себебі аудармадағы *құйылған* сөзі мен түпнұсқадағы *қақтаған* сөзінің мағынасы бір-бірінен мүлдем алшақ. Менің пікірімше, *құйылған күміс* болса, қабағы түйілген қыз көз алдымызға келетін секілді. Ал аудармашының бұл сөзі мүлде мұндай мағына беріп тұрған жоқ. Абайдың қызының кең маңдайы, ақ күмістей кең маңдайы, қақтаған ақ күмістей кең майдайы аудармада көрінбейді.

Енді өлеңнің мына жолдарына назар салайық:

*Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.*

Бұл жолдарда қазақ қызының мөлдіреген қара көзі туралы айтылғанын анық байқауға болады. Сонымен көзінің үлкендігін көрсетеді. Көмірдей қара көзді жанның жанарынан ақын тек жақсылық сезгендей. Нұр шашқан қазақ қызының көзін осылайша әсем сөзбен жеткізді. Кез-келген суретшінің де, оқырманның да арманындағы аруын бейнелеген десем, қателеспеймін. Қарап отырсам, қасының қаралығы көмірдей, ал жіңішкелігі қаламмен сызғандай. Қастың өзін айға ұқсатады. Жаңа туған ай әдемі, жіңішке болады. Қастың жіңішкелігін қара қаламмен сызып қана қоймай, жаңа туған нәзік айдың бейнесіне ұқсатады.

Ал, бұл өлең жолдарын аудармашылар мынадай үлгілерде аударған:

<i>Он глазами лучистыми осиян, Тонко вычерчен двух бровей полукруг. Облик юной луны</i>	<i>Лучами черных глаз озарено. Очерченный пером бровей разлет, Двум лунам молодым</i>	<i>Словно месяц, изогнутый в небе ночном, Отливает сверкающий лоб серебром.</i>
---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------

<p><i>красавице дан.</i></p> <p><i>М. Тарловский</i></p>	<p><i>подобен их полет.</i></p> <p><i>М. Адибаев</i></p>	<p><i>Свет струится из</i> <i>черных, как полночь,</i> <i>очей,</i> <i>Брови вскинули иссиня-</i> <i>черный излом.</i> <i>Вс. Рождественский</i></p>
----------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Осы аудармаларды салыстырсақ, Вс. Рождественский мен Адибаевқа қарағанда М. Тарловскийдің аудармасы түпнұсқаға біртабан жақын сияқты болып көрінеді. М. Тарловский қазақ қызының қиылған қасы мен көзінің сұлулығын жеткізе білген. М. Адибаев пен Вс. Рождественскийдің аудармасына қарасақ, өлеңнің мағынасы емес, сөзі аударылған. Түпнұсқаның мағынасы толық ашылмаған.

Енді, Абай өлеңінің мына бір жолына назар аударайық:

Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.

Ақын қазақ қызының көрген жігіттің тілін байлағандай сұлу көркін бейнелейді. Қыздың ақша жүзі мен алқызыл бетін күн көрмегендей. Абай сұлу қыздың портретін жасайды. Қыздың портреті жалаң жасалмай, оны көрген жанның психологиялық күйі қоса беріледі. Одан мынадай мағына туады: қыздың көркі көрген адамды таң қалдырады; қыздың көркін көрген адамның таң қалғаннан тілі байланады. Бұлардың бәрі – сурет, образдылық. Сурет, образдылық қазақ қызының сұлулығының ерекше белгілерін бедерлеп бейнелейді. Аудармашылар сұлу қыздың ажарын танытатын осы ерекше белгілерді өз аудармаларында лайықты көрсете алмаған.

Абайдың портрет жасау шеберлігі тамаша. Иә, ақын портрет жасау барысында адами құндылықтар да ашып көрсеткен, қазақ қыздарының сұлу бейнесін көркем сөзбен оқырманға шеберлікпен жеткізе білген. Тек қана ару қыздардың портретін емес, ер – жігіттің де, тұлпардың да портретін келістіріп жасаған.

Абайдың портрет жасау өнеріндегі шеберлігін бірде бір аудармашы басқа тілге өз деңгейінде жеткізе алмайды. Бірақ болашақта Абай шығармаларын өз дәрежесінде өзге тілдерге аударатын аудармашылар шығатынына сенеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. www.abai-inst.kz